

Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру

Қызметті беруші	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері; 2) Мемлекеттік корпорация арқылы; 3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы
Қызметті көрсету мерзімдері	Өтінішті қарау мерзімі - 3 (үш) жұмыс күні; азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру үшін негіз болып табылатын АХАЖ АЖ-да акт жазбалары болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабарлай отырып, көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады (Мемлекеттік корпорация арқылы түскен өтінішті қарау мерзімі ұзартылған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды); портал арқылы берген кезде - өтініштің қабылданғанын растау және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің берілген күнін белгілеу туралы хабарлама 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинетке жіберіледі
Қызмет құны	Қалпына келтіру тегін жүргізіледі; азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіруге байланысты куәліктерді бергені үшін-0,5 АЕК. Азаматтық хал актілерін тіркеген кезде мыналар растайтын құжаттарын көрсеткен кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады: 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы

жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі, қорғаншылар (қамқоршылар), мемлекеттік ұйымдар - туу туралы куәліктер тіркелгені және қайтадан берілгені үшін;

2) жеке тұлғалар - азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты азаматтық хал актілерінің жазбалары өзгертілген, толықтырылған, қалпына келтірілген және түзетілген кезде куәліктер берілгені үшін.

Құжаттар тізбесі

- 1) Қағидаларға 28, 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жазбасын қалпына келтіру туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш);
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) көрсетілетін қызметті алушының деректері және оның жақын туыстары (ата-аналары, балалары, ағайындары мен апа-қарындастары) туралы толық көрсетілген өмірбаян;
- 4) еңбек кітапшасының көшірмесі немесе еңбек қызметін растайтын ҚР Еңбек [кодексіне](#) сәйкес басқа құжат, егер көрсетілетін қызметті алушы студент болып табылса - туған күні мен жері көрсетілген оқу орнынан анықтама (бар болса);
- 5) егер көрсетілетін қызметті алушы әскери міндетті болып табылса, әскери билеттің көшірмесі (бар болса);
- 6) көрсетілетін қызметті алушының 3*4 см көлеміндегі екі фотосуреті. ;
- 7) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат немесе салық жеңілдіктерін беру үшін негіз болып табылатын құжаттың көшірмесі. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүргізілген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктердің көшірмелері қосымша ұсынылады;
- 8) егер некеде тұрса (ерлі-зайыпты болса) неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік;
- 9) бар болған жағдайда балалардың туу туралы куәліктері;
- 10) ата-анасының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін) не ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік, ата-анасының неке қию туралы куәлік (бар болса);
- 11) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат;
- 12) егер көрсетілетін қызметті алушы зейнеткер болса, зейнетақы куәлігінің көшірмесі. Заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы:

1) осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот шешімі негізінде акт жазбасын қалпына келтіру туралы өтініш;
2) көрсетілетін қызметті алушының жеке куәлігі (жеке басын сәйкестендіру үшін);
3) мемлекеттік тіркеу орны мен уақыты көрсетілген, заңды күшіне енген акт жазбасын қалпына келтіру туралы сот шешімі туралы мәліметтер. Тарихи отанына оралған тұлғалар Қазақстан Республикасына заңды келу туралы ішкі істер органдары берген құжаттарды және олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы өтінішхатын қосымша ұсынады. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру үшін көрсетілетін қызметті алушы азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру үшін қажетті мәліметтерді растайтын құжаттарды (жұмыс не оқу орнынан анықтама, білімі туралы құжаттар, мемлекеттік мұрағаттардың анықтамалары) ұсынады.

Қызмет көрсету нәтижесі

1) Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе анықтама;;
2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде, портал арқылы өтініш берген кезде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе дәлелді бас тарту электрондық түрде жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020757>